**Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 және "Еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға жергілікті атқарушы органдардың рұқсаты талап етілмейтін адамдардың тізбесін айқындау туралы" 2023 жылғы 24 қарашадағы № 1041 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 21 шілдедегі № 643 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысында:

1-тармақтың 1) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

көрсетілген қаулыда 8-қосымшада:

реттік нөмірі 1-жолдағы 6) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6) | Қазақстан Республикасының чемпионаттарында, Қазақстан Республикасы спартакиададарында, жасөспірімдердің жастар ойындарында, Қазақстан Республикасының Паралимпиада ойындарында:<br>бірінші орынға<br>екінші орынға<br>үшінші орынға | | ЛА-дан 1,5 %<br>ЛА-дан 1 %<br>ЛА-дан 0,5 % | республикалық жоғары спорт шеберлігі мектептерінен басқа |
| 7) | Қазақстан Республикасының чемпионаттарында ( жастар мен | | ЛА-дан 1 % | республикалық олимпиадалық даярлау орталықтарынан, спорт |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жасөспірімдер арасында) бірінші орынға | | | колледждерінен және жоғары спорт шеберлігі мектептерінен басқа |

";

реттік нөмірі 2-жолдағы 6) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6) | Қазақстан Республикасының чемпионаттарында, Қазақстан Республикасы Спартакиадаларында, жасөспірімдердің жастар ойындарында, Қазақстан Республикасы Паралимпиада ойындарында:<br>бірінші орынға<br>екінші орынға<br>үшінші орынға | | ЛА-дан 15 %<br>ЛА-дан 10 %<br>ЛА-дан 5 % | республикалық жоғары спорт шеберлігі мектептерінен басқа |
| 7) | Қазақстан Республикасының чемпионаттарында ( жастар мен жасөспірімдер арасында) бірінші орынға | | ЛА-дан 10 % | республикалық олимпиадалық даярлау орталықтарынан, спорт колледждерінен және жоғары спорт шеберлігі мектептерінен басқа |

";

көрсетілген қаулыда 18-қосымшада:

реттік нөмірі 11-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 11. | | Құрметті атағы үшін үстемеақы | | |
| | Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының "Халық" деген құрметті атағы бар және мәдениет саласындағы еңбегі үшін Қазақстан Республикасының құрметті атақтарына ие болған | | | "Қазақстан Республикасының мемлекеттік |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қызметкерлерге; Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының "Еңбек сіңірген" құрметті атағы бар және Қазақстан Республикасының құрметті атақтарына ие болған қызметкерлерге | | БЛА-дан 100 % БЛА-дан 30 % | наградалары туралы " Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес |

";

көрсетілген қаулыда 20-қосымшада:

1-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасының Құрылтайы, Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді органдары депутаттарының өкілеттіктерін тұрақты негізде жүзеге асырған;";

2) "Еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға жергілікті атқарушы органдардың рұқсаты талап етілмейтін адамдардың тізбесін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 24 қарашадағы № 1041 қаулысында:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға жергілікті атқарушы органдардың рұқсаты талап етілмейтін адамдардың тізбесінде:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мынадай шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар:".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *О. Бектенов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК